ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ЖШ"Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент
ТОО "Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail:dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

# БҰЙРЫҚ

# ПРИКАЗ

2026 жылғы 3 тамыз
Шымкент қаласы

№ 422
город Шымкент

**Әдістеме бірлестігі туралы**

Мектепте әдістемелік жұмыстарының тиімділігін арттыру, әдіс алмасу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте әдістеме бірлестігінің құрылып, бірлестік жетекшілері бекітілсін.

2. Гуманитарлық бірлестік жетекшісі- А. С.Абдибекова
Нақты ғылымдар бірлестік жетекшісі- К.К.Усенбаева
Жаратылыстану бірлестік жетекшісі- А.А.Колбай
Қоғамдық ғылымдар бірлестік жетекшісі- Ж.Н.Сазабаев
Сынып жетекшілер әдістеме бірлестігі жетекшісі- А.К.Төрахмет

3.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Мектеп директоры Сексенов А.Б**

Бұйрықпен таныстым: _____ Абдибекова С.Б.
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ _____
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ _____
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ _____
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ Төрахмет Арайлым
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бекітемін
Мектеп директоры
Сексенов А.Б

**ЖШС « Dostyk School Shymkent » мектебі**
**2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН**
**ӘДІСТЕМЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ**

**Шымкент 2026**

**2026 – 2027 оқу жылының тақырыбы, мақсаттары мен міндеттері**

**Тақырыбы: «Педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз етуде және білім беру сапасын арттыруда жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану»**

**Мектептің миссиясы**: «Педагогтің кәсіби дамуына жағдай жасау және білім алушының сапалы білім алуына бағытталған ЖИ мүмкіндіктерін тиімді қолдана отырып, инновациялық білім беру ортасын қалыптастыру».

**Мақсаты: ЖИ құралдарын тиімді пайдалану арқылы педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру және білім беру сапасын арттыру.**

**Міндеттері:**

- ✓ Білім беру үдерісінде жасанды интеллектті тиімді қолдану жолдарын анықтау және педагогтерге практикалық ұсынымдар әзірлеу.
- ✓ Педагогтердің цифрлық және жасанды интеллект саласындағы құзыреттілігін арттыру.
- ✓ Білім сапасын бағалау, мониторинг жүргізу және кері байланыс беруде жасанды интеллект құралдарын қолдану тәжірибесін жетілдіру.
- ✓ Жасанды интеллектті қауіпсіз, жауапты және этикалық тұрғыдан пайдалануды қамтамасыз ету, академиялық адалдық пен дербес деректерді қорғау талаптарын сақтау.
- ✓ Мектеп, ата-ана, оқушы «Үштік одақ» ынтымақтастығын нығайту;
- ✓ «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында тәрбие құндылықтарын күнделікті сабақта пәндік мазмұн арқылы іске асыру.

**Күтілетін нәтиже**

Мұғалімдердің шығармашылық қабілетінің артуына жағдай жасалып,оқу-әдістемелік әзірлемелерді дайындау артады;

Мұғалімдердің цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті қалыптасады;

Мұғалімдер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында тәрбие құндылықтарын күнделікті сабақта пәндік мазмұны арқылы іске асырады;

Олимпиада мен ғылыми жобалар жеңімпаздарының үлесі артады;

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы артады;

Оқу жетістіктерін сырттай бағалау көрсеткіштері артады;

Оқырман ата-аналар үшін,үнемі түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады және белсенділігі артады;

Мектепте маңызды жобалар жасалып іске асырылады;

Үздіксіз білім беру жүйесінде кәсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік шығармашылыққа қабілеті бар азамат қалыптасады.

## ПЕДАГОГ КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС, ОЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ, АТТЕСТАТТАУ

| № | Іс-шаралар | Мерзімі | Жауапты | Қай жерде қаралады | Түпкі нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тамыз** | | | | |
| 1 | 1.Мектептің 2026-2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын дайындау<br>2. Жас мамандарға тәлімгерлікті ұйымдастыру | 26.08-28.08 | С.Б.Токбурина | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама |
| 2 | Мұғалімдердің оқу жүктемесін, лауазымдық міндеттерін дайындау | 28.08 | С.Б.Токбурина | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| | **Қыркүйек** | | | | |
| 1 | Пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды құрастыру сапасын қарау | 02.09-04.09 | С.Б.Токбурина | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама |
| 2 | Сабақтарда техникалық қауіпсіздік сақтау ережелері инструктажының жүргізілуі | 08.09-11.09 | С.Б.Токбурина<br>Пәнмұғалімдері | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама |
| | **Қазан** | | | | |
| 1 | Электронды журналдың толтырылу жағдайы | 19.10-23.10 | С.Б.Токбурина | Директор жанындағы кеңес | Анықтама |
| | **Қараша** | | | | |
| 1 | Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері | 23.11-27.11 | Е.Ж.Телемисов | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама, шешім |
| 2 | Оқу жетістігі төмен білім алушыларды анықтау, жұмыс жүргізу | 24.11-27.11 | Е.Ж.Телемисов | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама, шешім |
| | **Желтоқсан** | | | | |
| 1 | Электронды журналдың толтырылу жағдайы | 23.12-27.12 | С.Б.Токбурина | Директор жанындағы кеңес | Анықтама |
| | **Қаңтар** | | | | |
| 1 | II тоқсан қорытындысы жиынтық бақылау нәижелері, төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау<br>Педагогтердің үлгерімі төмен балалармен жұмысына талдау жасау<br>10-11 сынып оқушыларының математикалық сауаттылығының даму деңгейі | 11.01-22.01 | С.Б.Токбурина<br>Е.Ж.Телемисов | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама |
| | **Ақпан** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мемлекеттік қызмет көрсету стандартының орындалу сапасы | 02.02-12.02 | С.Б.Токбурина | Директор жанындағы кеңес | Анықтама |
| 2 | 10-11 сыныптардан сынама тест алу | 15.02-19.02 | Е.Ж.Телемисов | Директор жанындағы кеңес | Анықтама |
| | **Наурыз** | | | | |
| 1 | Педагогтің үлгерімі төмен оқушылармен жұмысына талдау | 15.03-19.03 | Е.Ж.Телемисов | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама |
| 2 | 10-11 сынып оқушыларының оқу сауаттылығы пәнінің жүргізілуі | 15.03-19.03 | Е.Ж.Телемисов | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама |
| | **Сәуір** | | | | |
| 1 | Жас мұғалімдермен жұмыс | 05.04-09.04 | С.Б.Токбурина | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама |
| | **Мамыр** | | | | |
| 1 | Мектеп ұжымының 2026-2027 оқу жылына жұмысының қорытындысы және 2027-2028 оқу жылына жұмысты жоспарлау | зерделеу | С.Б.Токбурина | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| 2 | Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері<br>10-сыныптарда жаратылыстану сауаттылықтарын анықтау | 12.05-20.05 | Е.Ж.Телемисов | Әдістемелік кеңес отырысы | талдамалық анықтама, шешім |

**БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ЖАҚСАРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ПЕДҰЖЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТ**

| № | Іс-шаралар | Мерзімі | Жауапты | Қай жерде қаралады | Түпкі нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қыркүйек** | | | | |
| 1 | 10-11 сыныптардан кіріс тестін ұйымдастыру | 07.09-.11.09 | Е.Ж.Телемисов | Директор жанындағы кеңес | Хаттама Анықтама |
| 2 | Мектепшілік, қалалық пән олимпиадасына және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындық барысы | 14.09-18.09 | С.Б.Токбурина Е.Ж.Телемисов | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама |
| | **Қазан** | | | | |
| 1 | Мектеп құжаттарын реттеу бойынша жұмыс | 19.10-23.10 | С.Б.Токбурина | Алдын алу кеңес отырысы | Анықтама |
| 2 | Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері | 19.10-23.10 | Е.Ж.Телемисов | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама, шешім |
| 3 | Жаңадан келген оқушыларыдың бейімделуі бойынша атқарылған жұмыстар | 01.10-23.10 | Психолог Әбдукадыр Г.Ә | Педагогикалық кеңес | Анықтама |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қараша** | | | | |
| 1 | І тоқсан қорытындысы бойынша оқыту сапасының нәтижелері | 26.10-02.11 | С.Б.Токбурина | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| 2 | І тоқсан бойынша тәрбие жоспарына сәйкес өткізілген іс-шаралар қорытындысы | 26.10-02.11 | Жумаханова Г.С | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| 3 | 14-15 жас аралығындағы оқушыларды PISA Халықаралық зерттеуіне психологиялық дайындау жұмысы | 11.11-20.11 | Психолог | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама |
| 4 | І тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау | 11.11-20.11 | Е.Ж.Телемисов | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама |
| | **Желтоқсан** | | | | |
| 1 | Тоқсан қорытындысы бойынша пәндік сапаға талдау | 28.12-30.12 | Е.Ж.Телемисов | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| | **Қаңтар** | | | | |
| 1 | 10-сынып оқушыларын бейімдеу жұмыстары | 11.01-22.01 | Психолог Әбдукадыр Г.Ә | Директор жанындағы кеңес | Анықтама |
| 2 | І жартыжылдық (ІІ тоқсан) білім сапасына талдау | 04.01-08.01 | Е.Ж.Телемисов | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| 3 | ІІ тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау | 11.01-22.01 | С.Б.Токбурина | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама |
| 4 | 10-11 сынып оқушыларының математикалық сауаттылығының даму деңгейі | 11.01-22.01 | Е.Ж.Телемисов | Әдістемелік кеңес отырысы | Анықтама |
| | **Ақпан** | | | | |
| 1 | 10-11 сыныптарда сынама тест ұйымдастыру | 08.02-12.02 | Е.Ж.Телемисов | Директор жанындағы кеңес | Анықтама, шешім |
| | **Наурыз** | | | | |
| 1 | «Үздік аттестат», «Алтын белгі» белгісіне үміткерлердің құжаттарын зерделеу | 08.03-12.03 | С.Б.Токбурина | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| 3 | ІІІ тоқсан қорытындысы бойынша сынып бойынша сапаға талдау | 15.03-19.03 | С.Б.Токбурина | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| 4 | ІІІ тоқсан қорытындысы бойынша пәндік сапаға талдау | 15.03-19.03 | Е.Ж.Телемисов | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| | **Сәуір** | | | | |
| 1 | 11-сынып оқушыларының жалпы орта білім беру курсы үшін оқу бағдарламасын меңгеруі | 12.04-16.04 | С.Б.Токбурина | Директор жанындағы кеңес | талдамалық анықтама, шешім |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мамыр** | | | | |
| 1 | ҚР-ның Оқу - ағарту минстрлігінің сыныптан-сыныпқа көшіру және мектеп бітіру жайлы нұсқауымен танысу,бұйрық негізінде көшіру А) 10 сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшіру | 29.05. | С.Б.Токбурина | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| 2 | IV тоқсан және жылдық қорытынды бойынша 10-11 сыныптардағы білім алушылардың білім сапасының мониторингісі | 19.05-21.05 | С.Б.Токбурина | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| 3 | Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері | 18.05-21.05 | Е.Ж.Телемисов | Әдістемелік кеңес отырысы | талдамалық анықтама, шешім |
| 5 | Аралық және қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары | 18.05-21.05 | С.Б.Токбурина | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| | **Маусым** | | | | |
| 1 | 11 сынып оқушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижелерін қарау және бекіту. | 31.05-17.06. | С.Б.Токбурина | Педагогикалық кеңес | Анықтама |
| 2 | Жалпы орта білім беру аттестаттарын беру | 18.06 | С.Б.Токбурина | Педагогикалық кеңес | Анықтама |

**Бекітемін**
**Мектеп директоры**
**Сексенов А.Б**

**ЖШС « Dostyk School Shymkent » мектебі**
**Педагог кадрларды аттестаттау бойынша жұмыс жоспары**

**ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ**
**2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАРАЛАТЫН КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР**

| № | Жұмыстың мазмұны | Мерзімі | Орындаушылар |
|---|---|---|---|
| 1 | **№1 әдістемелік кеңес**<br>1. Мектептің 2026-2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын дайындау туралы<br>2. Жас мамандарға тәлімгерлікті ұйымдастыру | Тамыз | Директордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары Е.Ж.Телемисов С.Б.Токбурина |
| 2 | **№2 әдістемелік кеңес**<br>1. Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың құрастыру сапасы<br>2. Сабақтарда техникалық қауіпсіздік сақтау ережелері инструктажының жүргізілуі | Қыркүйек | Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Е.Ж.Телемисов С.Б.Токбурина |
| 3 | **№3 әдістемелік кеңес**<br>1. Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері<br>2. Оқу жетістігі төмен білім алушыларды анықтау, олармен жұмыс нәтижелері | Қараша | Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Е.Ж.Телемисов С.Б.Токбурина |
| 4 | **№4 әдістемелік кеңес**<br>1. II тоқсан қорытындысы жиынтық бақылау нәижелері, төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау<br>2. 10-11 сынып оқушыларының математикалық сауаттылығының даму деңгейі | Қаңтар | Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Е.Ж.Телемисов психолог, пән мұғалімдері |
| 5 | **№5 әдістемелік кеңес**<br>1. Педагогтердің үлгерімі төмен балалармен жұмысына талдау<br>2. 10-11 сыныптарда жеке қауіпсіздік сабақтарының жүргізілуі | Наурыз | Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Е.Ж.Телемисов С.Б.Токбурина |
| 6 | **№6 әдістемелік кеңес**<br>1.Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері<br>2. Оқу бағдарламасының орындалуы | Мамыр | . Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Е.Ж.Телемисов, С.Б.Токбурина |

Бекітемін
Мектеп директоры
_____ А.Б.Сексенов

**«Dostyk School Shymkent» мектебі**

# 10–11 СЫНЫП ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

**2026–2027 оқу жылы**

| № | Олимпиада / жұмыс атауы | Қатысушылар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепішілік олимпиадаға оқушыларды іріктеу | 10–11 сынып | Қазан–қараша | Пән мұғалімдері, ӘБ жетекшілері |
| 2 | «ALTYN QYRAN – ЕРЕКШЕ ДАРЫН ИЕСІ» олимпиадасы | 10-11 сынып | Қазан | Пән мұғалімдері |
| 3 | Қолданбалы лингвистика бойынша республикалық іріктеу олимпиадасына қатысу | 10–11 сынып | Қараша–желтоқсан | Тіл пәндері мұғалімдері |
| 4 | Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аумақтық/қалалық кезеңіне қатысу | 10–11 сынып | Желтоқсан | Пән мұғалімдері |
| 5 | Сыни ойлау және философия бойынша республикалық олимпиадаға қатысу | 10–11 сынып | Желтоқсан–ақпан | Қоғамдық-гуманитарлық пән мұғалімдері |
| 6 | Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңіне өткен оқушыларды дайындау және қатыстыру | 10–11 сынып | Қаңтар | Пән мұғалімдері |
| 7 | Қаржы және экономика бойынша республикалық олимпиадаға қатысу | 10–11 сынып | Қаңтар–наурыз | Математика және қоғамдық пәндер мұғалімдері |
| 8 | «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысу | 10–11 сынып | Ақпан | Пән мұғалімдері |
| 9 | Республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне өткен оқушыларды дайындау және қатыстыру | 10–11 сынып | Наурыз–сәуір | Пән мұғалімдері, ӘБ жетекшілері |
| 9 | Ғылыми жобаларға оқушыларды қатыстыруға сұраныс беру | 10–11 сынып | Сәуір - мамыр | ӘБ жетекшілері, директордың оқу ісі жөніндегі |
| 10 | Оқу жылы бойынша олимпиада нәтижелерін қорытындылау, жетістіктерге талдау жүргізу | 10–11 сынып | Мамыр | ӘБ жетекшілері, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары |

Бекітемін
Мектеп директоры
Сексенов А.Б

**«Dostyk School Shymkent» мектебі**

# 10–11 СЫНЫПТАРДАҒЫ ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

**2026–2027 оқу жылы**

**Мақсаты:** оқу үлгерімінде қиындықтары бар білім алушыларды анықтау, біліміндегі олқылықтарды толықтыру, жеке қолдау көрсету арқылы білім сапасын арттыру және оқу мотивациясын қалыптастыру.

| № | Атқарылатын жұмыс | Мерзімі | Жауаптылар | Нәтиже/ құжат |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Оқу үлгерімі төмен білім алушыларды анықтау, бастапқы білім деңгейіне талдау жүргізу | Қыркүйек | Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері | Оқушылар тізімі |
| 2 | Анықталған білім алушылардың біліміндегі олқылықтар мен қиындықтарды айқындау | Қыркүйек | Пән мұғалімдері | Диагностикалық талдау |
| 3 | Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс бағытын белгілеу | Қыркүйек | Пән мұғалімдері | Жеке жұмыс жоспары |
| 4 | Білімдегі олқылықтарды толықтыру мақсатында қосымша сабақтар мен жеке консультациялар өткізу | Жыл бойы | Пән мұғалімдері | Жұмыс материалдары |
| 5 | Үй тапсырмаларының орындалуын және білім алушылардың сабаққа қатысуын бақылау | Жыл бойы | Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері | Бақылау |
| 6 | Білім алушылардың оқу мотивациясын арттыру, қажет болған жағдайда психологиялық қолдау көрсету | Жыл бойы | Педагог-психолог, сынып жетекшілері | Кеңес беру |
| 7 | Үлгерімі төмен білім алушылардың ата-аналарымен жеке байланыс орнату, оқу үлгерімі туралы ақпарат беру | Тоқсан сайын | Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері | Ата-анамен жұмыс |
| 8 | Әр тоқсан қорытындысы бойынша білім алушылардың үлгерім динамикасын талдау | Тоқсан сайын | Пән мұғалімдері, оқу ісі жөніндегі орынбасар | Салыстырмалы талдау |
| 9 | ҰБТ тапсыратын 11-сынып білім алушыларының негізгі пәндер бойынша біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарын жүргізу | Жыл бойы | Пән мұғалімдері | Мониторинг |
| 10 | Жыл бойы жүргізілген жұмыстарды қорытындылау, білім алушылардың нәтижелеріндегі өзгерістерді талдау | Мамыр | Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері | Қорытынды талдау |

## №1 Әдістемелік кеңес

**Өткізу күні:** 2026 жылғы 29 тамыз
**Өткізу форматы:** офлайн
**Мақсаты:** 2026–2027 оқу жылындағы мектептің әдістемелік жұмыстарының негізгі міндеттерін анықтау.
**Ұзақтығы:** 60 минут
**Қатысушылар:** Мектеп педагогтары

**КҮН ТӘРТІБІ**

ектептің 2026-2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын дайындау туралы
2. Жас мамандарға тәлімгерлікті ұйымдастыру туралы

**Мектептің 2026-2027оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын дайындау туралы**

Білім беру бағдарламаларын іске асыруды әдістемелік қамтамасыз ету, білім беру үдерісіндегі заманауи технологияларды, әдістерді, құралдар мен нысандарды әзірлеу, енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру, педагогикалық ұжымның әдістемелік мүмкіндігін жетілдіру.

Әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестігі кеңестерін құру іске асыру мәселелерін талқылау.

**Әдістемелік кеңестің отырысын директор орынбасары С.Б.Токбурина** ашып, күн тәртібін таныстырды, кеңестің мақсаты мен міндеттерін айқындады, оны өткізудің регламентін бекітті.2026-2027 оқу жылындағы мектептің жұмыс жоспарларын әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестігі кеңестерін құру және мақсат,міндеттері туралы, айтты.

Жаңа оқу жылында жасанды интеллект элементтерін білім беру процесіне енгізу, педагог мәртебесін арттыру және оның құқықтарын қорғау, білім алушылар үшін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету, білім беру сапасын және оқу жетістіктерін арттыру мәселелерін баяндады.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: әлеуметтік жобалар арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау, жылдық жұмыс жоспарын бекіту; жұмыс тобы құрамын бекіту туралы айтты.

ҚР-ның білім беру саласындағы нормативтік құжаттар туралы, жаңа оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы баяндады. ҚР ОАМ әдістемелік-нұсқаулық хатына, жаңа нормативтік актілермен және бағдарламаларға шолу жасады. Академиялық адалдықты сақтау қағидалары, 2025–2029 жылдарға арналған білім беру жүйесіне ЖИ енгізудің тұжырымдамалық тәсілдері, ЖИ этикалық қолдану жөніндегі нұсқаулық және ҚР білім беру ұйымдарында ЖИ қолданудың этикалық стандарттары, педагогтердің құқықтарын қорғау және кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіру туралы сөз болды.

Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы мәселесі бойынша оқу жұмыс жоспарын, оқу жүктемесі, сабақ кестесі, мектепті дамыту жоспары, әдістемелік кеңес жоспары, әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарлары, педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары, аттестаттау жұмыстарының жоспары және білім беру ұйымының ерекшеліктерін ескере отырып, басқа да жоспарлар талқыланды.

Кеңес қорытындысы бойынша мектептің оқу жұмыс жоспары мектептің білім алушылар тізімдік құрамы, педагогтердің оқу жүктемесі (тарификация), сабақ кестесі, мектепті дамыту жоспары, әдістемелік кеңес жоспары, "Ұстаз" платформасын қолдана отырып сабақтарды бақылауды қоса алғанда, әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарлары, педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары, аттестаттау бойынша жұмыс жоспарлары ұстаздар тарапынан ұсыныстар берілді.

**Жас мамандарға тәлімгерлікті ұйымдастыру**

Жас маманның мектеп бағдарламасын терең оқып игеруі, қазіргі заманғы сабақтарға қойылатын талаптармен таныстыру, қызметтік міндеттерін анықтап беру мақсатында тәжірибелі мұғалімдердің әдістемелік көмек беруді ұйымдастыру мәселелері айтылды. Жас маманның оқыту әдістемесін айқындау, онымен бірге оның кәсіби қалыптасуының жоспарын жасау, сабақ жоспарын құрастыруға үйрету, оқу әдістемелік құжаттардың толтырылуымен таныстыру және күнтізбелік - тақырыптық жоспарлау мен т.б. оқу-әдістемелік пән бойынша құжаттармен таныстыру жоспарлы жүзеге асырылатыны баяндалды.

Әр мәселе бойынша дауыс берілді және жеке-жеке шешім қабылданды.

**Мектептің 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын дайындау туралы**

**ШЕШІМ:**

оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың **ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хаты басшылыққа алынсын (**С.Б.Токбурина , Телемисов Е.Ж ,А.Б.Сексенов, Жумаханова Г.С )

мектептің 2026-2027 оқу жылына арналған жылдық әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес жоспарланған жұмыстар талапқа сай атқарылсын(С.Б.Токбурина);

мектептің оқу жұмыс жоспары, әдістемелік кеңестің жоспары, әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарлары, педагогтердің біліктілігін арттыру жоспары және аттестаттау жұмыс жоспарлары іске асырылсын **(** Сексенов А.Б, С.Б.Токбурина, Телемисов Е.Ж, Жумаханова Г.С)

**Жас мамандарға тәлімгерлікті ұйымдастыру туралы**

**ШЕШІМ:**

Жас мамандарды қазіргі заманғы сабақтарға қойылатын талаптармен таныстыру, қызметтік міндеттерін анықтап беру мақсатында тәжірибелі мұғалімдердің әдістемелік көмек беруін ұйымдастыру мәселелері қарастырылсын С.Б.Токбурина , Телемисов Е.Ж, А.Б.Сексенов), Жумаханова Г.С).Дене тәрбиесі пәні мұғалімі Ж.Өтегенге тәлімгерлік Д.Ш.Оспановқа жүктелсін.

Директор орынбасары С.Б.Токбурина

Хатшы А.Т.Нұрсейіт

## №2 Әдістемелік кеңес

**Өткізу күні:** 2026 жылғы 25 қыркүйек
**Өткізу форматы:** офлайн
**Мақсаты:** 2026–2027 оқу жылында пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың құрастыру сапасы
**Ұзақтығы:** 60 минут
**Қатысушылар:** Мектеп педагогтары

### КҮН ТӘРТІБІ

Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың құрастыру сапасы
Сабақтарда техникалық қауіпсіздік сақтау ережелері инструктажының жүргізілуі

Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың құрастыру сапасы

**Әдістемелік кеңестің отырысын директор орынбасары Токбурина С** ашып, күн тәртібін таныстырды, кеңестің мақсаты мен міндеттерін айқындады, оны өткізудің регламентін бекітті.2025-2026 оқу жылындағы Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың құрастыру сапасы туралы, айтты.
"Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығына сәйкес, Орта және арнаулы білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі берілген.
Құжаттарды педагогтер қағаз немесе (білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда) электрондық форматта толтырады.
Электрондық цифрлық қол электрондық жүйеге қосылған және құжаттар электрондық форматта жүргізілген жағдайда, мөр мен қолға теңестіріледі.
Барлық оқу пәндерінің педагогтері оқу жылы басталғанға дейін бір рет пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарды (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) дайындайды.
Күнтізбелік-тақырыптық және қысқа мерзімді жоспарлар Орта және арнаулы білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысандарына сәйкес толтырылатыны, нысан бойынша тармақтардың толық қамтылуы міндетті екені ескертілді.

**Сабақтарда техникалық қауіпсіздік сақтау ережелері инструктажының жүргізілуі**
**Е.Ж.Телемисов** инструктаж жүргізудің мақсатымен және техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстырды.
Оқушыларды жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерімен таныстыру қажеттігін,жарақаттанудың алдын алу, қауіпті жағдайларды дұрыс бағалау және олардан қорғана білуге үйрету керектігін ескертті.
**Мұғалімнің жауапкершілігі**
Инструктажды уақытында, толық әрі түсінікті өткізу
Оқушыға қауіпті тапсырма берер алдында оның дайындық деңгейін бағалау

Жарақаттану немесе төтенше жағдай кезінде алғашқы көмек көрсету
Инструктажды **журналға қол қойдырып** тіркеу

**Оқушының міндеттері**

Қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау
Мұғалімнің барлық нұсқауларын орындау
Техниканы, құралдарды рұқсатсыз қоспау
Қауіпті жағдай байқалса дереу хабарлау

**Инструктаж журналында белгілеу**

Журналда келесі мәліметтер жазылады:
Инструктаж өткізілген күні
Тақырыбы
Оқушылардың тізімі
Мұғалімнің қолы
Оқушының қолы (қатысқанын растау)

**Сабақ барысында техникалық қауіпсіздік сақтау бойынша инструктаж мәтіні** таныстырылды. Оны кез келген пәнге (физика, химия, информатика, технология, еңбек, робототехника т.б.) бейімдеп қолдануға болатынын айтып өтті.

**Техникалық қауіпсіздік ережелері бойынша инструктаж мәтіні**

**1. Жалпы қауіпсіздік талаптары**

Бүгінгі сабақта жұмыс орындау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау міндетті болып табылады.

Әрбір оқушы төмендегі талаптарды орындауға тиіс:

ұмыс орнында тәртіп сақтау, қажетсіз қозғалыс жасамау.
ұрал-жабдықтарды мұғалімнің рұқсатынсыз қоспау және орнынан жылжытпау.
рнайы киімді (қажет болған жағдайда халат, қолғап, көзілдірік) дұрыс кию.
абинеттегі өткір, кескіш, электрлі немесе қыздырылатын құралдармен сақтықпен жұмыс жасау.
ауіпті жағдай туындағанда бірден мұғалімге хабарлау.

**2. Жұмыс басталар алдында**

з жұмыс орныңды реттеп, бөгде заттарды алып тастау.
ұрал-жабдықтардың бүлінбегенін, сымдардың зақымданбағанын тексеру.
ұралды қолдану нұсқаулығын мұқият тыңда және түсінбеген тұсың болса сұрау.
айшы, пышақ, бұрғы, электр құрылғылары сияқты құралдарды тек мұғалімнің нұсқауымен қолдану.

**3. Жұмыс орындау кезінде**

ұралдарды тек мақсатқа сай қолдану.
лектр құралдары қосулы кезде сымдарға қол тигізбеу.
лғал қолмен электр жабдығын ұстамау.
ыздырылған немесе химиялық заттары бар жабдықтарға жақын жерде абай болу.
ір-бірін итермеу, көңілсіз әрекеттер жасамау.
ұмыс орнынан рұқсатсыз шықпау.

**4. Жұмыс аяқталғаннан кейін**

арлық құралдарды өшіріп, орнына қою.
орғаныс құралдарын шешіп, арнайы орынға тапсыру.
ұмыс орныңды жинап, қоқысты арнайы жәшікке тастау.
ұғалімнің рұқсатынсыз кабинеттен шықпау.

**5. Төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекет**

гер жарақат алсаң немесе кабинетте авариялық жағдай туындаса, бірден мұғалімге хабарлау.

лектр тоғынан зақымдану қаупі болса, құралды ұстауға болмайды – мұғалімге хабарлап, алыста болу.

рт шыққан жағдайда үрейге берілмей, мұғалім көрсеткен эвакуациялық жолмен шығу.

сікті итермей, ретімен, сабырмен қозғалу.

**6. Оқушылардың міндеттері**

Барлық қауіпсіздік ережелерін орындау
Мұғалімнің талаптарын қатаң сақтау
Құралдарға ұқыпты қарау
Қауіпті жағдайды жасырмай хабарлау

Әр мәселе бойынша дауыс берілді және жеке-жеке шешім қабылданды.

**Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың құрастыру сапасы туралы**

**ШЕШІМ:**

ән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың құрастыру "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы басшылыққа алынсын (А.Бастеми, Д.Жарылқап, пән мұғалімдері);
"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығы талаптарына сәйкестендірілсін (Е.Телемисов.Сейтжан.Д, пән мұғалімдері).

**Сабақтарда техникалық қауіпсіздік сақтау ережелері инструктажының жүргізілуі туралы**

**ШЕШІМ:**

Оқушыларды сабақ барысында жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерімен таныстыру қажеттігін, жарақаттанудың алдын алу, қауіпті жағдайларды дұрыс бағалау және олардан қорғана білуге үйрету, дағды қалыптастыру жүйелі жүзеге асырылсын (Токбурина.С,Е.Телемисов.Сейтжан.Д пән мұғалімдері, сынып жетекшілері).

Директор орынбасары Токбурина.С,

Хатшы Нуржігіт . А.